

**31.08.2021**

Директорлар кеңесінің 31.08.2021 ж. шешімімен (№7 хаттама) 2020 жылдың қорытындысы бойынша «Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» КеАҚ 2020-2025 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарын орындау бекітілді.

**27.08.2021**

«Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» КеАҚ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (жалғыз акционер) қабылдаған шешім туралы хабарлайды:

«Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2020 жылғы жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 27.08.2021 жылғы № 436 бұйрығымен:

1. «Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі — Қоғам) 2020 жылға жылдық қаржылық есептілігі бекітілді.
2. Қоғамның 2020 жылғы 15 000 000 теңге (он бес миллион) мөлшеріндегі таза табысы Қоғамның билігінде қалды.
3. 2020 жыл ішінде Жалғыс Акционердің Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне орай өтініштері келіп түспегені анықталды.

**10.08.2021**

Директорлар кеңесінің 10.08.2021 ж.шешімімен (№6 хаттама) «Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» -ның 2020 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігі алдын ала бекітілді.

**19.07.2021**

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі- Қоғам) Директорлар кеңесі Қоғамның бірінші проректоры, академиялық мәселелер және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор, қаржы директоры және ішкі аудит қызметінің аудиторы бос лауазымдарына конкурс жариялайды. Кәсіпорынның орналасқан мекен-жайы: 060027, Атырау қаласы, Баймұханов көшесі, 45 «А».**

**Қоғам қызметінің негізгі міндеті жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру қызметтерін көрсету.**

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар (бірінші проректор):** жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі, білім беру ұйымдарында және (немесе) сәйкесті уәкілетті органдарда кемінде 5 жыл басшылық қызметтегі еңбек өтілінің болуы.

**Қызметтің мақсаты**-жоғары білікті мамандарды даярлау мақсатында білім беру, ғылыми және тәрбие жұмысының сапасы мен тиімділігін қамтамасыз ету, жоғары білімді дамыту саласындағы соңғы жетістіктерді ескере отырып, ұйымның материалдық-техникалық базасының деңгейін қамтамасыз ету; техникалық, ғылыми-технологиялық, ақпараттық-коммуникациялық және құқықтық саясатты, Корпоративтік даму саясатын және қоғам активтерін басқаруды қалыптастыруды қамтамасыз ету; қаржы-экономикалық басқаруды, цифрландыру және IT орталығын, салалық технологиялық құзыреттер орталығын және пайдалану-шаруашылық басқаруды жоспарлауды, басқаруды және бақылауды жүзеге асыру.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар (академиялық мәселелер және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор):** жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі, білім беру ұйымдарында және (немесе) сәйкесті уәкілетті органдарда кемінде 5 жыл басшылық қызметтегі еңбек өтілінің болуы.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар (қаржы директоры):** жоғары кәсіби (экономикалық) білімі, бухгалтерлік-қаржылық жұмыс өтілі, оның ішінде басшылық лауазымдарда, 5 жылдан кем емес, кәсіби бухгалтер сертификаты.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар (ішкі аудит қызметінің аудиторы):** жоғары кәсіби (экономикалық) білімі, бухгалтерлік-қаржылық, экономика және қаржы және/немесе бухгалтерлік есеп және аудит, және/немесе қаржылық менеджмент және/немесе қаржы және кредит, Ақпараттық технологиялар және/немесе техникалық сала және/немесе құқықтану, аудит саласында қосымша білім; аудит және/немесе бухгалтерлік есеп және/немесе қаржы саласында кемінде екі жыл жұмыс тәжірибесі.

**Конкурсқа мынадай тұлғалар қатыса алмайды:**

- 1) жиырма бес жасқа толмағандар;
- 2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағандар;
- 3) өтелмеген немесе алынбаған соттылығы барлар;
- 4) арнайы медициналық мекеменің есебінде тұрғандай;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да жағдайлар.

**Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде жүргізіледі. Конкурстың өтетін күні, орны және форматы қосымша хабарланады. Телефондар: 8 701 983 04 70, 8 778 778 97 17, email: [sovdir@aogu.edu.kz](mailto:sovdir@aogu.edu.kz)**

**16.07.2021**

«Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (Жалғыз акционер) қабылдаған шешім туралы хабарлайды:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 шілдедегі № 346 бұйрығымен «Коммерциялық емес акционерлік қоғамның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы Корпоративтік басқару кодексін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 19 сәуірдегі № 171 бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілді:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Коммерциялық емес акционерлік қоғамның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы корпоративтік Басқару кодексінде:

1 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«1.Коммерциялық емес акционерлік қоғамның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы корпоративтік басқару кодексі (бұдан әрі - Кодекс) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы коммерциялық емес акционерлік қоғам (бұдан әрі - қоғам) қоғам ішінде және басқа да мүдделі тұлғалармен қатынастарда өз қызметі процесінде басшылыққа алатын қағидалар жиынтығы болып табылады.

Кодекс Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес әзірленді;

50-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

Директорлар кеңесінің құрамында тәуелсіз директорлардың болуы және қатысуы міндетті. Директорлар Кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам. Қоғамның директорлар Кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс. Тәуелсіз директорлардың саны қабылданатын шешімдердің тәуелсіздігін және Жалғыз акционерге әділ қарым-қатынасты қамтамасыз ету үшін жеткілікті болуға тиіс. Директорлар кеңесінің құрамы да гендерлік теңгерімді сақтауы тиіс.

Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері субъективті пайымның жүзеге асырылуына қатер төндіруі мүмкін қандай да бір материалдық мүдделерден немесе Қоғаммен, оның басқаруымен немесе меншігімен қатынастардан еркін болып табылады.

Тәуелсіз және объективті шешімдер қабылдау үшін жеткілікті кәсібилігі мен дербестігі бар, жекелеген акционерлердің, атқарушы органның және өзге де мүдделі тараптардың ықпалынан еркін адам тәуелсіз директор деп танылады.

Тәуелсіз директорларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және қоғамның жарғысына сәйкес белгіленеді.

Тәуелсіз директорлар мүдделер қақтығысы болуы мүмкін мәселелерді талқылауға (қаржылық және қаржылық емес есептілікті дайындау, мүдделілік болуына қатысты мәмілелер жасасу, Басқарма құрамына кандидаттар ұсыну, Басқарма мүшелеріне сыйақы

белгілеу) белсенді қатысады. Тәуелсіз директорларды Директорлар кеңесінің Аудит, Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі негізгі комитеттерінің төрағалары сайлайды, басқа комитеттерде олар мүше бола алады.

Тәуелсіз директор Тәуелсіздік мәртебесінің ықтимал жоғалуын бақылайды және мұндай жағдайлар болған жағдайда Директорлар кеңесінің төрағасын алдын ала хабардар етеді. Директорлар кеңесі мүшесінің тәуелсіздігіне әсер ететін мән-жайлар болған жағдайда, Директорлар кеңесінің төрағасы тиісті шешім қабылдау үшін осы ақпаратты акционерлердің назарына дереу жеткізеді".

мынадай мазмұндағы 56-1-тармақпен толықтырылсын::

«56-1. Директорлар кеңесінің мүшелерімен – тәуелсіз директорлармен Шартты Басқарма Төрағасы - Қоғам ректоры (президент-ректор) жасасады».

09.07.2021

«Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (жалғыз акционер) қабылдаған шешім туралы хабарлайды:

«Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» Директорлар кеңесінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 20 шілдедегі № 309 бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін: Көрсетілген бұйрықпен «Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің құрамында:

мына

"Дәуленов

Мұхтарұлы білім Вице-министрі

Қазақстан Республикасы білім және ғылым;

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:"

Ерғалиев Қуаныш Асылханұлы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі

**03.07.2021**

«Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (жалғыз акционер) қабылдаған шешім туралы хабарлайды:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 03.07.2021 жылғы №103 «Аудиторлық ұйымды анықтау туралы» бұйрығымен аудиторлық ұйым «Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2020 жылғы жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін «Жаңа-аудит» ЖШС тәуелсіз аудитору болып анықталды.

**27.04.2021**

«Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (Жалғыз Акционер) қабылдаған шешім туралы хабарлайды:

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 27.04.2021 жылғы № 183 бұйрығымен «Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 шілдедегі №322 бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілді::

аталған бұйрықпен бекітілген «Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің құрамында:

мына

«Тойбаев Амангелді Сағынбайұлы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті мемлекет қатысатын мемлекеттік емес заңды тұлғалармен жұмыс басқармасының басшысы (келісім бойынша)

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:"

Бердалиева Гүлзат Қыстаубайқызы.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті мемлекет қатысатын мемлекеттік емес заңды тұлғалармен жұмыс жөніндегі басқармасының бас сарапшысы (келісім бойынша)

### **19.04.2021**

«Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» КеАҚ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (Жалғыз Акционер) қабылдаған шешім туралы хабарлайды:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 19.04.2021 жылғы № 171 бұйрығымен коммерциялық емес акционерлік қоғамның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы корпоративтік басқару Кодексі бекітілді.

### **09.02.2021**

«Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» Директорлар кеңесінің 09.02.2020 ж. шешімімен (№2 хаттама «Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» КеАҚ Басқарма мүшесі, Бас бухгалтер болып Андекина Гүлнар Бүркітқызы сайланды.

31.03.2021

«Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» КеАҚ директорлар кеңесінің 09.02.2021 ж. шешімімен (Шешім №3) «Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» КеАҚ -ның өзіндік үлгідегі білім туралы құжатының (дипломның) жаңартылған дизайны бекітілді.

28.05.2021

«Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» КеАҚ директорлар кеңесінің 28.05.2021ж. шешімімен (Хаттама №4) аудиторлық қызметтің төлем бағасы мөлшері қаржылық аудит үшін 1 000 000 ( бір миллион) теңге болып анықталды.

28.05.2021

«Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» КеАҚ директорлар кеңесінің 28.05.2021ж. шешімімен (Хаттама №4) «Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» КеАҚ-да шарт негізінде білім алушылардың оқу ақысы бекітілді.

28.05.2021

«Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» КеАҚ директорлар кеңесінің 28.05.2021ж. шешімімен (Хаттама №4) Қоғамның Ұйымдық құрылымы мен Штаттық саны бекітілді.

28.05.2021

«Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» КеАҚ директорлар кеңесінің 28.05.2021ж. шешімімен (Хаттама №4) Басқарма мүшесі, бірінші проректор, академиялық мәселелер және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректоры, PhD доктор Б.А. Құмалақов «Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» КеАҚ-ның бірінші проректоры міндетін уақытша атқарушы лауазымына конкурс өткізілгенге дейін тағайындалды.

23.06.2021

«Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» КеАҚ директорлар кеңесінің 23.06.2021ж. шешімімен (Шешім №5) «Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» КеАҚ Басқармасы 2021-2022 оқу жылына «Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» КеАҚ-да шарт негізінде білім алушылардың оқу ақысына жеңілдіктер (шегерім) беру туралы Ереже бекітілді.

10.08. 2021

«Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» КеАҚ директорлар кеңесінің 10.08.2021ж. шешімімен (Шешім №6) «Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» КеАҚ-тың 2020 жылғы қаржылық есебі алдын ала бекітілсін.

31.08. 2021

«Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» КеАҚ директорлар кеңесінің 31.08.2021ж. шешімімен (Шешім №7) «Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» КеАҚ 2020 жыл Даму

жоспарының орындалуы жөніндегі идентификаторы 14-161040018928-217-006 есебі бекітілді.

21.10. 2021

«Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» КеАҚ директорлар кеңесінің 21.10.2021ж. шешімімен (Хаттама №8) бойынша бос тұрған бірінші проректор лауазымына Құралханов Д.Қ. сайланды.

21.10. 2021

«Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» КеАҚ директорлар кеңесінің 21.10.2021ж. шешімімен (Хаттама №8) бос тұрған Ішкі аудит қызметінің аудитору лауазымына Үмбетқалиева Нұргүл Үмбетқалиқызы тағайындалды.

21.10. 2021

«Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» КеАҚ директорлар кеңесінің 21.10.2021ж. шешімімен (Хаттама №8) «Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық бекітілді.

21.10. 2021

«Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» КеАҚ директорлар кеңесінің 21.10.2021ж. шешімімен (Хаттама №8) «Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу туралы ереже бекітілді.

21.10. 2021

«Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» КеАҚ директорлар кеңесінің 21.10.2021ж. шешімімен (Хаттама №8) ««Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін қызметке енгізу бағдарламасы» бекітілді.

30.10. 2021

«Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» КеАҚ директорлар кеңесінің 30.10. 2021ж. шешімімен (Шешім №9) «Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» КеАҚ 2021 жылдың 2-ші жартыжылдығына арналған идентификаторы 14-161040018928 -2017-007 Даму жоспарын нақтылау бекітілді.

25.12.2021

«Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» КеАҚ директорлар кеңесінің 25.12.2021ж. шешімімен (Шешім №10) «Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Даму жоспары 2022 жылға сәйкестендіргіші 14-161040018928-2022-001 бекітілді.